



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Ақтөбе облысы ішкі саясат басқармасы

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2025**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Ақтөбе облысы ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі - Оператор) интернет-ресурсында 2024 жылы 4 наурызда 2025 жылға үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс жарияланды.

Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

<https://cisc.kz/ru/konkurs-po-zakazu-upravleniya-vnutrennej-politiki-aktyubinskoj-oblasti-2/>

<https://cisc.kz/aqtoebe-oblysynyng-ishki-sayasat-basqarmasynyng-tapsyrusy-bojynsha-konkwr-2/>

https://www.instagram.com/p/DGw0LNSoxH_/?igsh=eGZwd3M3MHVjNW1u

<https://www.instagram.com/p/DGw0AwfIcZB/?igsh=MTQwbWJkNTRrMDQwsw==>.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2025 жылғы 4 наурыз мен 28 наурыз аралығында жүзеге асырылды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 4 басым бағыт бойынша 4 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Ақтөбе облысында қоғамдық қарым-қатынас саласында медиацияны дамыту	1	5 500 000 тг
2	Отбасылық құндылықтарын насихаттауға, гендерлік теңдікті дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу	1	5 000 000 тг
3	Ақтөбе облысының Азаматтық орталығының қызметін ұйымдастыру	1	6 500 000 тг
4	Облыстағы азаматтық бастамаларды қолдау және дамыту	1	8 000 000 тг

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 4 грант бойынша 3 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту	Ақтөбе облысында қоғамдық қарым-қатынас саласында медиацияны дамыту		«Келіссөздер академиясы» қоғамдық бірлестігі	30.04.25ж. №30
2	Отбасылық-демографиялық	Отбасылық құндылықтарын		«ҚСА» Республикалық	29.04.2025 ж. №29

	және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	насихаттауға, гендерлік теңдікті дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу	қысқа мерзімді	студенттік қозғалысы» қоғамдық бірлестігі	
3	Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу	Ақтөбе облысының Азаматтық орталығының қызметін ұйымдастыру		«Ақтөбе облысының Үкіметтік емес ұйымдар қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі	30.04.25ж. №31
4		Облыстағы азаматтық бастамаларды қолдау және дамыту		«Ақтөбе облысының Үкіметтік емес ұйымдар қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі	30.04.25ж. №32

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту», «Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу», «Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу», салалары бойынша 4 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 25 000 000 теңгені құрайтын 4 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның

толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«ҚСА» Республикалық студенттер қозғалысы» қоғамдық бірлестігі	Ақтөбе облысында отбасылық құндылықтарды насихаттауға, гендерлік теңдікті дамытуға бағытталған іс шаралар өткізу	Ақтөбе облыстық жастар ресурстық орталығы	Артыгалин Самгат	8 (7132) 463-121	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы, Әйтеке би, 39
			«Ақтөбе ТВ» телеарнасы	Айдана Смағұлова	8 (7132) 22-11-44	Ақтөбе қаласы, Тахауи Ахтанова көшесі, 54
			«Қазақстанның әкелері» республикалық қоғамдық бірлестігі	Кулов Амангос	+7024820879 kaz.akeleri@gmail.com	Астана қаласы, Сауран, 7

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Есепті кезеңде Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы гранттық жобаларын іске асыру арқылы өңір жастарының дамуына елеулі үлес қосты. Жобалар маңызды бағыттарды қамтыды: білім деңгейін арттыру, жағымсыз құбылыстардың алдын алу, кәсіби және шығармашылық қабілеттерді дамыту. Мақсатты аудиторияны қамту бойынша міндеттер орындалды: мыңдаған жастарға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды, жұмысшы қауымдастықтар

құрылды, мемлекеттік бағдарламалар мен нашақорлық тәуекелдері туралы ақпараттандырылды.

Бастамалардың тұрақтылығын қолдауды жалғастыру маңызды, мысалы, жас лидерлер мен шығармашылық ұжымдарға арналған менторлық бағдарламаларды енгізу, цифрлық сауаттылықты арттыру. Жүйелі мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды жүзеге асыру мерзімін ұзарту және қаржыландыру көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру ұсынылады, бұл тереңірек әрі тұрақты әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасының м.а.

А. Каримова

Бас бухгалтер

Ш. Ибраева

*Үкіметтік емес ұйымдарды
гранттық қаржыландыру
саласындағы оператордың өз
қызметінің нәтижелері
туралы есепке
1-қосымша*

1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Ақтөбе облысының Азаматтық орталығы» қауымдастық түріндегі заңды тұлғалардың бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Кабиева Гульнар Абдисаматовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сәңкібай батыр 20А

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Ақтөбе облысының азаматтық орталығы» жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «30» сәуір мен 2025 жылдың «30» қазаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

8 000 000 теңге

2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Ақтөбе облысының Азаматтық орталығы» қауымдастық түріндегі заңды тұлғалардың бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Кабиева Гульнар Абдисаматовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сәңкібай батыр 20А

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Ақтөбе облысы ҮЕҰ Ресурстық орталығы» жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «30» сәуір мен 2025 жылдың «30» қазаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

6 500 000 теңге

3. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«Келіссөздер академиясы» қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Жасакбаева Жайнагуль Сагатовна

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Қ.Сәтбаев көшесі, 5 үй, 3-пәтер

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

Ақтөбе облысында қоғаммен байланыс саласындағы медиацияны дамыту

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «30» сәуір мен 2025 жылдың «30» қазаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

5 500 000 теңге

4. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:

«ҚСА» Республикалық студенттер қозғалысы» қоғамдық бірлестігі

2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):

Наукен Ұлан Аманқазыұлы

3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:

Астана қаласы, Алматы ауданы, Иманов көшесі, 50 үй, 408 кеңсе

4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:

«Шаңырақ» отбасы құндылықтарын насихаттау жобасы

5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:

2025 жылдың «29» сәуір мен 2025 жылдың «30» қазаны аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

5 000 000 теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «Келіссөздер академиясы» қоғамдық бірлесітігі

Басым бағыттың атауы: Ақтөбе облысында қоғамдық қарым-қатынас саласында медиацияны дамыту

1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1-міндет. Азаматтық қоғам өкілдері мен мемлекеттік органдар үшін этномедиацияны дамыту

№ 1 іс-шара. Этномедиатордың қатысуымен азаматтық қоғам өкілдері мен мемлекеттік органдар үшін екі күндік семинар. Екі күндік семинардың тақырыптары:

- *Этномедиация ұғымы және оның маңыздылығы;*
- *Этномедиатордың жұмыс істеу қағидаттары мен әдістері;*
- *Мәдениетаралық және этносаралық қақтығыстар контекстіндегі этномедиацияның рөлі;*
- *Этномедиацияның теориялық негіздері: этномедиацияның тарихи перспективасы;*
- *Қақтығыстардағы мәдени айырмашылықтардың рөлі.*

2025 жылғы 16–17 қыркүйек аралығында 34 адамның қатысуымен Ақтөбе қаласындағы коворкинг орталығында азаматтық қоғам өкілдері мен мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне арналған екі күндік (16 сағаттық) офлайн-семинар өткізілді. Семинардың толық бағдарламасы алдын ала әзірленіп, Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасымен келісілді.

Семинарға Республикалық қоғамдық бірлестік «Кәсіби медиаторлар мен заңгерлердің халықаралық институты» басқармасының төрайымы, кәсіби тренер-этномедиатор Жанар Жолдасбайқызы Үсіпбекова шақырылған сарапшы ретінде қатысты.

Екі күндік оқыту бағдарламасы этномедиация саласының негізгі бағыттарын қамтыды:

- этномедиацияның мәні, міндеттері және этносаралық қатынастардағы рөлі;
- этномедиатордың кәсіби этикасы мен жұмыс қағидаттары;
- мәдениетаралық коммуникация және мәдени айырмашылықтардың қақтығыстарға ықпалы;
- этносаралық жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу тәжірибелері;
- халықаралық және ұлттық практикалар;
- этномедиативтік кейстерді қарастыру және олардың шешу механизмдері;
- рөлдік ойындар, қақтығыс модельдеу және практикалық жаттығулар;
- белсенді тыңдау, келіссөз жүргізу және делдалдық дағдыларын дамыту.

Семинар соңында қатысушылардан сауалнама алынды. Нәтижесінде:

- 85% қатысушы – этномедиация бойынша теориялық және практикалық білімдерінің артқанын атап өтті;

- 85% – алған білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға дайын екенін білдірді.

Сонымен қатар, өткізілген семинар азаматтық қоғам өкілдері мен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің этномедиация саласындағы құзыреттерін арттыруға, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін нығайтуға және қақтығыстарды конструктивті шешу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Іс-шара қатысушылар тарапынан оң бағаланды. Семинар нәтижелері өңірде этномедиация институтын дамытуға және тәжірибелік дағдыларды кеңейтуге өз үлесін қосты.

Семинар қатысушыларының семинарға дейінгі және кейінгі жауаптары салыстырылып, қатысушылардың этномедиация туралы түсініктері мен практикалық дайындығы туралы оң өзгерістер белгілі болды.

Бұдан бөлек, семинардың барлық қатысушыларына арнайы дизайнмен рәсімделген сертификаттар табысталды.

Сонымен қатар, өткізілген іс-шараны ақпараттандыру мақсатында, әлеуметтік желілерде іс-шара туралы жарияланымдар жарияланып, ақпараттандыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы дайджест дайындалды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілмесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DO5G-jMDKjQ/?igsh=d3AxMXFuM202NGhr>

2. <https://www.instagram.com/reel/DOvHxbjABlv/?igsh=Z3d3bDUzZmJhMzI2>

3. <https://www.instagram.com/reel/DOxwtd2jN9a/?igsh=aWoycHgyNWln>

4. https://www.instagram.com/reel/DOvt4_GjILT/?igsh=MTQxd2l4dmIwcjM2Zw==

5. <https://youtu.be/q3PiV5cvvY?si=liFiIduzg1dF3NOp>

№ 2 іс-шара. Мемлекеттік қызметшілер үшін дауларды реттеу және шешу бойынша білікті тренерді тарту арқылы семинар ұйымдастыру

2025 жылғы 15 қыркүйек күні Ақтөбе қаласында дауларды шешу және реттеу тақырыптары бойынша мемлекеттік қызметшілерге арналған бір күндік оқыту семинары өтті. Семинарға жалпы саны 25 адам қатысып, оларға іс-шара аясында дайындалған брошюралар таратылды.

Семинардың негізгі мақсаты - мемлекеттік қызметшілердің дауларды конструктивті шешу, коммуникациялық дағдыларды дамыту және көпмәдениетті, көпэтносты ортада туындайтын жанжалдардың алдын алу бойынша кәсіби құзыреттіліктерін арттыру болды.

Шараға мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар және этномәдени бірлестіктердің жетекшілері қатысты. Семинар барысында «Халықаралық кәсіби медиаторлар және заңгерлердің институты» РҚБ басқарма төрайымы, жаттықтырушы-этномедиатор Жанар Үсіпбекова, Еуропа Ассамблеясының Құрметті мүшесі, заң ғылымдарының докторы, медиатор-жаттықтырушы Светлана Балпеисова дәріс оқыды.

Бұл ретте, спикерлер этносаралық қақтығыстарды реттеуде медиация институтының рөліне тоқталып, келіссөздер жүргізудің тиімді әдістерін түсіндірді сондай-ақ, қатысушыларға этномедиацияның негізгі кезеңдері мен тәжірибеде қолданылатын құралдары таныстырылды және сауалдарына жауап берді.

Сонымен қатар, оқу барысында қатысушылар мемлекеттік басқарудағы қақтығыстарды реттеудің заманауи тәсілдері мен құралдарымен танысып, қақтығыс ұғымын, оның типологиясын, тараптардың мінез-құлық модельдерін зерделеді.

Семинардың практикалық бөлігі нақты жағдайларды талдау, келіссөз жүргізу және қақтығысты бәсеңдету бойынша тренингтерден, сондай-ақ үлгілік сценарийлерді модельдеуден тұрды. Қатысушылар «Мүдделер қақтығысы», «Ведомстволық келіспеушіліктер», «Дағдарыс жағдайындағы халықпен коммуникация» сияқты жағдайларды рөлдік симуляциялар арқылы талдап, өзара іс-қимыл дағдыларын пысықтады.

Оқыту үдерісі интерактивті форматта өтіп, мультимедиялық дәрістер, топтық талқылаулар, рөлдік ойындар мен тәжірибелік жаттығулар қолданылды. Семинардың атмосферасы қатысушылардың белсенділігімен, пікір алмасумен және конструктивті талқылауларымен ерекшеленді.

Анкеталау қорытындысы бойынша қатысушылардың 91%-ы білім деңгейінің және практикалық дағдыларының артқанын, ал 85%-ы алған білімдерін жұмыс барысында қолдануға дайын екенін көрсетті.

Қатысушылар бағдарлама мазмұнының практикалық бағытын және оның мемлекеттік органдардың күнделікті жұмысы үшін маңыздылығын ерекше атап өтті.

Іс-шара нәтижесінде барлық жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізіліп, семинар ведомстволар арасындағы кәсіби байланысты нығайтуға және диалог мәдениетін дамытуға ықпал етті. Қатысушылар оқу процесін модульдік форматта жалғастыруды және әкімшілік тәжірибеде медиациялық тәсілдерді қолдану жөнінде әдістемелік материалдар әзірлеуді ұсынды.

Сонымен қатар, қатысушылар толтырған анкеталар онлайн форматта жинақталып, нәтижелері бойынша толық онлайн деректер жасалды. Анкеталар деректері негізінде семинардың тиімділігін анықтауға арналған талдамалық есеп әзірленді. Іс-шара қорытындысында барлық қатысушыларға арнайы әзірленген дизайны бар сертификаттар табысталды.

Жоғарыдағылардың негізінде, семинардың қорытынды бөлігінде Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының басшысы Әлібек Байнешов сөз сөйлеп, қатысушыларға арнайы сертификаттар табыстады.

Бұдан бөлек, іс-шара барысынан фото және бейнематериалдар дайындалды сондай-ақ, өткіліген іс-шараны ақпараттандыру мақсатында әлеуметтік желілерде іс-шара туралы жарияланымдар жарияланып, ақпараттандыру бойынша жүргізілген жұмыстардың дайджетсті дайындалды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілмесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DO5G-jMDKjQ/?igsh=d3AxMXFuM202NGhr>
2. <https://www.instagram.com/reel/DOqY-UqjKIS/?igsh=b3psZzJ3OXA1MTNz>

2 міндет. Өңірдің бастамашыл топтарына және белсенді азаматтарына консультациялық қолдау көрсету

№ 1 іс-шара. Халықтың түрлі топтары арасындағы қоғамдық қатынастарда медиацияның рөлі туралы ақпарат беру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріне байланысты туындайтын дауларды шешу тәсілдерін түсіндіру мақсатында, тренердің қатысуымен Ақтөбе облысының 2 ауданында тұрғындарға арналған семинар-тренинг өткізу

2025 жылғы 27 - 28 мамыр күндері Ақтөбе облысының Байғанин және Ойыл аудандарында семинар-тренинг өткізілді.

Өз кезегінде семинарлар өңір тұрғындарының құқықтық және коммуникативтік мәдениетін арттыруға, сондай-ақ медиацияны күнделікті өмірде қолдану мүмкіндіктері туралы түсінігін кеңейтуге бағытталды.

Байғанин ауданында өткізілген семинарға 25 адам, Ойыл ауданында өткізілген семинарға 25 адам қатысты.

Бұл ретте, қатысушылар арасында белсенді азаматтар, үкіметтік емес ұйым өкілдері, кәсіпкерлер, педагогтар, қоғамдық кеңес мүшелері және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері болды.

Бұл ретте, семинарды PhD докторы, медиатор-тренер, Еуропа Ассамблеясының құрметті мүшесі, сарапшы - Балпейісова Светлана Асылғирейқызы жүргізді. Сондай-ақ, семинарға «Ақтөбе облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» өкілі А.С. Жұмамұрат арнайы қатысты.

Семинар-тренинг бағдарламасы теориялық және практикалық бөлімдерден құрылып, медиация ұғымы мен мақсаттары, медиатордың жұмыс қағидаттары, медиацияның қоғамдық қатынастар саласында және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерінде қолданылуы сияқты негізгі тақырыптарды қамтыды.

Қатысушылар медиацияның құқықтық негіздерімен, медиаторларға жүгіну тәртібімен және азаматтар, ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы дауларды шешудегі медиативтік тәсілдердің рөлімен танысты.

Практикалық бөлімде тыңдаушылар «Сатып алушы – сауда ұйымы», «Тұрғын – коммуналдық қызмет», «Азамат – мемлекеттік орган» сияқты нақты жағдайлар негізінде келіссөз жүргізу және өзара тиімді шешімдер табу дағдыларын пысықтады.

Рөлдік ойындар мен топтық тапсырмалар ұйымдастырылып, қатысушылардың конструктивті қарым-қатынас жасау және дауларды бейбіт реттеу қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Іс-шаралар белсенді талқылауларға толы, қызығушылығы жоғары атмосферада өтіп, сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша қатысушылардың 85%-ы медиацияның рөлі туралы білім деңгейінің артқанын атап өтті.

Семинар барысында қатысушыларға ақпараттық материалдар және өңірлік медиация орталықтарының байланыс деректері ұсынылды және даулы жағдайларды шешуде алынған білімді қолдана алатын жергілікті қоғамдық медиаторлардың тізілімі жасақталды.

Іс-шара соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Бұдан бөлек, іс-шара барысынан фото және бейнематериалдар дайындалды сондай-ақ, өткіліген іс-шараны ақпарттандыру мақсатында әлеуметтік желілерде іс-шара туралы жарияланымдар жарияланып, ақпараттандыру бойынша жүргізілген жұмыстардың дайджетсті дайындалды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілмесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DKO-ru-Mzbt/?igsh=a3NzNzZ0Mmtsc3Aw>
2. <https://www.instagram.com/reel/DKMp9Y9s44-/?igsh=MWVxM2J4cDJqNG9sZA==>
3. <https://www.instagram.com/reel/DKOhXZTA1Qv/?igsh=YnhvOWpwdGVxZW96>
1. <https://acrobat.adobe.com/id/urn:aaid:sc:AP:3ffbe9de-94a6-46a0-b428-c706b74e8a5e>
2. <https://www.instagram.com/reel/DKMq0uYM-Je/?igsh=eGhqMXBtbGF4aDFp>
3. <https://www.instagram.com/reel/DKMAKcjtCXc>
4. <https://www.instagram.com/reel/DKMAKcjtCXc/?igsh=MTRleXFxY2hwcGJheA==>

3 міндет. Ақтөбе облысы медиаторларының тәжірибесін дамыту және өзара алмасу

№ 1 іс-шара. 5 тамыз - Медиация күніне арналған форум форматында конференция өткізу. Конференция аясында үздік медиаторларды марапаттау

2025 жылғы 31 тамыз күні Ақтөбе қаласының «Алтын Орда» коворкинг-орталығында Ақтөбе облысы ішкі саясат басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арыстанбек Төлеуовтің және 60 адамның қатысуымен медиация күніне арналған конференция-форум өтті.

Шараға қалалық және облыстық соттардың судьялары, прокуратура мен полиция департаментінің өкілдері, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, БАҚ және өңір медиаторлары қатысты.

Конференция медиаторлар мен сот және құқық қорғау органдары өкілдері арасындағы кәсіби диалогты дамытуға, сондай-ақ Ақтөбе облысында медиация институтын нығайтуға бағытталған маңызды алаң болды.

Форумның ашылу рәсімі пленарлық форматта ұйымдастырылды.

Сот жүйесінің өкілдері медиацияның сот жүктемесін азайтудың және дауларды бейбіт реттеудің тиімді тетігі екенін атап өтті. Судьялар азаматтық және еңбек даулары бойынша медиацияны табысты қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Шараға алғаш рет қатысқан құқық қорғау органдарының өкілдері тұрмыстық және отбасылық жанжалдарды шешуде медиаторлармен өзара іс-қимылдың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Конференция барысында PhD докторы, тренер-медиатор, Еуропа Ассамблеясының құрметті мүшесі Балпеисова Светлана Асылгиреевна Ақтөбе облысында медиацияның дамуына қатысты 14 жылдық тәжірибесімен бөлісті. Ол өңір медиаторларының жұмыс нәтижелерін ұсынып, кәсіби қауымдастықты одан әрі нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Тәжірибелі медиаторлар өздерінің практикалық кейстерін таныстырып, келіссөздер жүргізу нәтижелерімен бөлісті және азаматтардың медиацияға деген сенімін арттыру қажеттігі сияқты саладағы өзекті мәселелерді көтерді.

Дискуссиялық бөлім ашық пікірталас форматында өтіп, медиацияның құқықтық реттелуі, мемлекеттік құрылымдармен өзара байланыс, сондай-ақ білім беру және еңбек ұжымдарында медиативтік тәсілдерді ілгерілету мәселелері талқыланды. Қатысушылар тұрақты өңірлік кәсіби алаң құру туралы ұсынысқа ерекше қызығушылық танытты.

Іс-шара соңында Ақтөбе облысының он үздік медиаторына медиация институтын дамытуға қосқан үлесі үшін құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды. Еңбектік және отбасылық дауларды шешуге белсенді араласқан, сондай-ақ ағартушылық жұмыс жүргізіп жүрген медиаторлар жеке атап өтілді.

Бұдан бөлек, іс-шара барысынан фото және бейнематериалдар дайындалды сондай-ақ, өткіліген іс-шараны ақпараттандыру мақсатында БАҚ-та және әлеуметтік желілерде іс-шара туралы жарияланымдар жарияланып, ақпараттандыру бойынша жүргізілген жұмыстардың дайджетсті дайындалды.

БАҚ және әлеуметтік желідегі жарияланым сілмесі:

1. <https://youtu.be/f0PTy0wU46w?si=cpc7rGAT1h6oYiQh>
2. <https://www.instagram.com/reel/DMzHIsnAWpE/?igsh=a3Nsazk5NGtoNHdm>
3. <https://www.instagram.com/p/DMzGXjVi9DY/?igsh=MWp3cHB4dWpucHIxNw==>
4. <https://www.instagram.com/reel/DMzFqJrAMpU/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

4 міндет. Қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу

№ 1 іс-шара. Қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтауға арналған сауалнама

Жоба аясында өткізілген барлық іс-шаралардың қатысушылары арасында олардың қанағаттану деңгейін анықтау және атқарылған жұмыстың тиімділігін бағалау мақсатында қорытынды сауалнама жүргізілді. Сауалнама мемлекеттік орган өкілдерін, азаматтық қоғам мүшелерін, медиаторларды, педагогтарды және семинарлар, тренингтер мен форумдарға қатысқан белсенді азаматтарды қамтыды. Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің қанағаттану деңгейі 85%-ды құрады.

Сонымен қатар, онлайн сауалнама нәтижелері бойынша деректер жасалып, талдау дайындалды.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның қорытынды қоғамдық презентациясын өткізу

№ 1 іс-шара. Жобаны іске асыру барысында қол жеткізілген нәтижелер туралы қорытынды презентация

Іс-шара бағдарламасын өткізу күні, уақыты, орны, сондай-ақ спикерлердің аты-жөні мен олардың баяндама тақырыптары Ақтөбе облысы ішкі саясат басқармасымен келісіліп, ZOOM бейне-байланыс қосымшасы арқылы 43 адам қамтылған қорытынды презентация өткізілді.

Презентация барысында жобаны іске асыру кезеңінде қол жеткізілген нәтижелер, орындалған жұмыстар, индикаторлардың орындалуы және жоба әсері туралы негізгі ақпарат ұсынылды.

Жоба нәтижелері бойынша пресс-релиз әзірленіп қорытынды презентация Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Әлеуметтік желідегі жарияланым сілмесі:

1. <https://www.facebook.com/share/p/19cyaZJ6D8/>
2. <https://www.instagram.com/p/DQliBqjDFU8/?igsh=bWVkn2NoemsweWZq>

Шарт талаптарына сәйкес жобаның іске асырылу барысы туралы ақпараттық жұмыс

№ 1 іс-шара. Ақпараттық кампания

Instagram, Facebook және серіктестердің әлеуметтік желілерінде жоба бойынша 6 кем емес жарияланым орналастырылып, әр жарияланымда іс-шаралар туралы қысқа әрі нақты ақпарат ұсынылды. Бұл материалдар жоба барысының ашықтығын қамтамасыз етіп, тұрғындардың ақпараттану деңгейін арттырды.

Жарияланым сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DO5G-jMDKjQ/?igsh=d3AxMXFuM202NGhr>
2. <https://www.instagram.com/reel/DOvHxbjABlv/?igsh=Z3d3bDUzZmJhMzI2>
3. <https://www.instagram.com/reel/DOxwtd2jN9a/?igsh=aWoycHgyNWIln>
4. https://www.instagram.com/reel/DOvt4_GjILT/?igsh=MTQxd2I4dmIwcjM2Zw==
5. <https://youtu.be/q3PiV5cvvY?si=liFiIduzg1dF3NOp>
6. <https://www.instagram.com/reel/DO5G-jMDKjQ/?igsh=d3AxMXFuM202NGh>
7. <https://www.instagram.com/reel/DOqY-UqjKIS/?igsh=b3psZzJ3OXA1MTNz>

Байғанин ауданы

1. <https://www.instagram.com/reel/DKO-ru-Mzbt/?igsh=a3NzNzZ0Mmtsc3Aw>
2. <https://www.instagram.com/reel/DKMP9Y9s44-/?igsh=MWVxM2J4cDJqNG9sZA==>
3. <https://www.instagram.com/reel/DKOhXZTA1Qv/?igsh=YnhvOWpwdGVxZW96>

Ойыл ауданы

1. <https://www.instagram.com/reel/DKMq0uYM-Je/?igsh=eGhqMXBtbGF4aDFp>
2. <https://www.instagram.com/reel/DKMAKcjtCXc>
3. <https://www.instagram.com/reel/DKMAKcjtCXc/?igsh=MTRleXFxY2hwcGJheA==>
4. <https://www.instagram.com/reel/DKMAKcjtCXc/?igsh=MTRleXFxY2hwcGJheA==>
5. <https://www.instagram.com/reel/DMzHIsnAWpE/?igsh=a3Nsazk5NgtNHdm>
6. <https://www.instagram.com/p/DMzGXjVi9DY/?igsh=MWp3cHB4dWpucHIxNw==>
7. <https://www.instagram.com/reel/DMzFqJrAMpU/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

Жоба мерзімінде ай сайынғы контент-жоспар әзірленді (әр айдың 3-іне дейін). Контент жоспарға жоспарланған іс-шаралардың атауы, өткізілу күні мен орны, анонстарды жариялау мерзімі және қолданылатын ақпараттық арналар енгізілді.

Ақпараттық жұмыстарды жүйелеу мақсатында 1 дайджест дайындалды. Дайджестке нөмірленген іс-шаралар тізімі, жарияланым күндері, Instagram және Facebook сілтемелері, жарияланымдардың скриншоттары және жалпы қамту көрсеткіштері енгізілді. Ақпараттық қамту көлемі жалпы есепте 11 000 адамды құрады.

Сонымен қатар медиация тақырыбын кеңінен түсіндіру және қоғамда оң қабылдау қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында 3 мақала жарық көрді. Бұл материалдарда медиативтік тәсілдердің маңызы, қоғамдағы рөлі және жобаның нәтижелері туралы түсінікті ақпарат берілді.

Мақала сілтемесі:

1. <https://youtu.be/f0PTy0wU46w?si=cpc7rGAT1h6oYiQh>
2. <https://youtu.be/q3PiIV5cvvY?si=liFiIduzg1dF3NOp>
3. <https://acrobat.adobe.com/id/urn:aaid:sc:AP:3ffbe9de-94a6-46a0-b428-c706b74e8a5e>

Жоба іс-шараларын көрсететін 6 бейнематериал дайындалып, әлеуметтік желілерде жарияланды. Бұл видеолар жобаның аұпарттық қамту деңгейін арттырып, көпшілікке қолжетімді ақпараттық өнім ретінде ұсынылды.

Бейнематериал сілтемесі:

1. <https://www.instagram.com/reel/DO5G-jMDKjQ/?igsh=d3AxMXFuM202NGhr>
2. <https://www.instagram.com/reel/DOvHxbjABlv/?igsh=Z3d3bDUzZmJhMzI2>
3. <https://www.instagram.com/reel/DOxwtd2jN9a/?igsh=aWoycHgyNWln>
4. https://www.instagram.com/reel/DOvt4_GjILT/?igsh=MTQxd2l4dmIwcjM2Zw==
5. <https://youtu.be/q3PiIV5cvvY?si=liFiIduzg1dF3NOp>
6. <https://www.instagram.com/reel/DO5G-jMDKjQ/?igsh=d3AxMXFuM202NGh>
7. <https://www.instagram.com/reel/DOqY-UqjKIS/?igsh=b3psZzJ3OXA1MTNz>

1) Әлеуметтік жобаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:

Жоба Ақтөбе облысында медиацияны, әсіресе этномедиация бағытын дамытуға бағытталды. Барлық іс-шаралар толық өткізіліп, семинарлар, тренингтер, форум және қорытынды онлайн презентация қамтылды.

- Этномәдени топтар, азаматтар және әртүрлі ұйымдар өкілдері арасында медиация туралы хабардарлық пен қолжетімділік артты.
- Кең мақсатты аудитория үшін оқыту семинарлары өткізілді;
- Медиацияның артықшылықтары туралы ақпараттық материалдар мен ұсыныстар таратылды;
- Дауларды шешудің балама әдістеріне қызығушылық артты.
- Жобаға қатысушылар келіссөздер жүргізу және медиацияның негізгі дағдыларын игерді;
- Қоғамдағы диалог мәдениеті мен бейбіт жанжалдарды шешу туралы түсінік жақсарды.
- Сындарлы қарым-қатынас, өзара құрмет және ымыраға келу мәдениеті қалыптасты;
- Қатысушылар медиация тәсілін өздерінің кәсіби және жеке тәжірибелерінде қолдана бастады.
- Өңірлерде медиацияны одан әрі дамыту және институционалдандыру үшін негіз қаланды.
- Медиацияны одан әрі дамытуға мүдделі ұйымдармен серіктестік орнатылды.

Жоба нәтижесінде мемлекеттік қызметшілер, азаматтық қоғам өкілдері, аудан тұрғындары және медиаторлар үшін медиация бойынша білім мен тәжірибе қолжетімді болды. Қатысушылардың 85%-дан астамы медиация туралы түсінігінің артқанын көрсетті.

Жоба нәтижесінде жоба туралы хабардарлық кеңейіп, 5000-нан астам адам ақпараттық қамтуға ие болды.

2) Мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдер:

Жоба мақсаты – Ақтөбе облысында қоғамдық қарым-қатынас саласында медиация институтын дамыту, азаматтық қоғам өкілдері, мемлекеттік қызметшілер және өңір тұрғындарының медиативтік дағдыларын нығайту болды. Бұл мақсатқа келесі дәлелдер арқылы қол жеткізілді.

Біріншіден, жоба аясында өткізілген барлық іс-шараларға барлығы 169 адам қатысты. Оның ішінде этномедиация семинарына – 34 қатысушы, мемлекеттік қызметшілерге арналған семинарға – 25 қатысушы, Байғанин және Ойыл аудандарында тренингтерге – 50 қатысушы, ал Медиация күніне арналған конференция-форумға – 60 адам қамтылды.

Екіншіден, барлық жоспарланған іс-шаралар толық орындалды. Семинарлар, тренингтер және конференция алдын ала бекітілген күндері мен бағдарламасы бойынша өткізілді. Барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Үшіншіден, қатысушылардың білімдері мен практикалық дағдылары артты. Этномедиация семинары бойынша қатысушылардың 85%-ы теориялық және практикалық білімдерінің артқанын, 85%-ы алған білімдерін жұмыста қолдануға дайын екенін көрсетті. Мемлекеттік қызметшілер семинары бойынша 91%-ы білім деңгейінің артқанын, 85%-ы практикалық дағдыларын қолдануға дайын екенін атап өтті. Аудандық тренингтерде 85% қатысушы медиация туралы білімінің артқанын көрсетті.

Төртіншіден, институционалдық және практикалық нәтижелер байқалды. Жергілікті қоғамдық медиаторлардың тізілімі жасалып, қатысушылар ақпараттық және консультациялық қолдау алды. Форум мен конференция арқылы сот, прокуратура, полиция және медиаторлар арасындағы тұрақты кәсіби диалог дамыды. Сонымен қатар, 10 үздік медиатор марапатталып, кәсіби беделі мен мотивациясы артты.

Бесіншіден, ақпараттық ашықтық қамтамасыз етілді. Әлеуметтік желілерде 15-тен астам жарияланым орналастырылып, фото және бейнематериалдар дайындалды. Жобаның нәтижелері БАҚ-та жарияланып, өңір тұрғындарының медиативтік тақырыпқа қызығушылығы артты.

Қорытындылай келе, жоба барысында жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы, қатысушылардың білім мен дағдыларының артуы, жергілікті медиаторлардың жүйеленуі және ақпараттық ашықтық жобаның мақсатына толық қол жеткізілгенін растайды.

3) Жоспарланған нәтижелер мен алынған нәтижелердің сәйкестігі: жоспардан ауытқу жоқ

4) Жобаға дейінгі және кейінгі өзгерістер (өлшеу нәтижелері):

Жобаға дейін өңірде медиация және этномедиация туралы нақты тәжірибелік түсінік төмен болды, ал мемлекеттік органдар мен қоғамның түрлі топтары арасындағы диалог мәдениеті әлсіз еді.

Жоба аяқталғаннан кейін:

- Қатысушылардың медиация бойынша кәсіби және коммуникативтік дағдылары айтарлықтай жақсарды;
- Мемлекеттік қызметшілердің қақтығыстарды шешу қабілеті артты (91% – білім деңгейінің өскенін көрсетті);
- Аудан тұрғындарының құқықтық мәдениеті мен медиативтік тәсілдерді қолдану түсінігі кеңейді;
- Медиаторлар арасында тәжірибе алмасудың тұрақты алаңы қалыптасты;
- Ақпараттық ортада медиация туралы оң пікір қалыптасып, қоғамның хабардарлық деңгейі өсті.

2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат

1) Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
169	70	99

2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйым жұмысшылар	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
169	0	12	34	18	0	52	7	6	14	26

3) Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
169	-	-	14	28	42	65	20

3. Жобаның нәтижелері

1) Нысаналы топтардың жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық және сапалық көрсеткіштермен)

1. Сандық көрсеткіштер

Жоба аясында өткізілген іс-шараларға жалпы саны 169 қатысушы қатысты:

- Этномедиация семинары – 34 адам;
- Мемлекеттік қызметшілерге арналған семинар – 25 адам;

- Байғанин және Ойыл аудандарында тренингтер – 50 адам;
- Медиация күніне арналған конференция-форум – 60 адам.
- Сауалнама нәтижелері бойынша:
- Қатысушылардың 85–91%-ы медиация бойынша теориялық және практикалық білімдерінің артқанын атап өтті;
- Қатысушылардың 85%– алған дағдыларын кәсіби немесе күнделікті өмірде қолдануға дайын екенін көрсетті;
- Форумда 10 үздік медиатор марапатталып, кәсіби мотивациясы артты.

2. Сапалық көрсеткіштер

Жоба барысында қатысушылардың практикалық дағдылары мен кәсіби құзыреттері елеулі түрде дамыды:

- Рөлдік ойындар, нақты жағдайларды талдау және тренингтер арқылы қатысушылар келіссөз жүргізу, дауларды бейбіт шешу және конструктивті қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдірді;
- Медиативтік түсініктер мен практикалық дайындық жағынан оң өзгерістер байқалды;
- Өңір тұрғындары мен бастамашыл топтар медиацияның күнделікті өмірде қолданылу жолдарын үйреніп, жергілікті қоғамдық медиаторларға консультациялық қолдау ала алды;
- Құқық қорғау органдары мен сот өкілдерімен кәсіби диалог дамып, медиаторлар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы ынтымақтастық нығайды.

2) Жобаның шешілуге тиісті проблемаға ұзақмерзімді ықпалы

Жоба өңірдегі медиация институтының тұрақты дамуына негіз қалыптастырды.

Ұзақмерзімді әсерлері:

- дауларды сотқа жеткізбей шешу мәдениеті күшейіп, тұрғындар арасында медиацияға деген сенім артады.
- мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы коммуникация тиімділігі артып, конфликтілер санының азаюына ықпал етеді.
- этномедиация бойынша түсінік кеңейіп, этностар арасындағы қатынастардың тұрақтылығы сақталады.
- жоба барысында даярланған ақпараттық материалдар мен оқыту контенті кейінгі оқыту іс-шараларында қолданылатын болады.

3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері

Жоба Ақтөбе облысында этномедиация институтын дамыту арқылы қоғамдағы этносаралық және мәдениетаралық қатынастарды жақсартуға және дауларды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде:

- **Әлеуметтік әсері:** Қоғамдық қатынастар мәдениеті нығайып, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер арасындағы диалог пен сенім деңгейі артты. Жергілікті тұрғындар медиацияны күнделікті өмірде қолдана отырып, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу дағдыларын меңгерді. Форумдар мен семинарлар медиаторлар мен құқық қорғау органдары арасындағы кәсіби ынтымақтастықты күшейтті.
- **Экономикалық әсері:** Медиация институтының дамуы сот жүйесіне түсетін жүктемені азайтып, дау шешу процестерінің уақытын қысқартады, бұл мемлекеттік бюджетті үнемдеуге және мемлекеттік қызметкерлердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен

қатар, дауларды тез әрі конструктивті шешу кәсіпкерлік және бизнес ортадағы даулардың теріс әсерін азайтып, өңірлік экономиканың тұрақтылығын қолдайды.

Осылайша, жоба әлеуметтік тұрақтылықты арттырумен қатар, экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге және өңірде ұзақ мерзімді даму перспективасын нығайтуға ықпал етті.

Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Грант алушы: «ҚСА» Республикалық студенттер қозғалысы» қоғамдық бірлестігі

Басым бағыттың атауы: Отбасылық құндылықтарын насихаттауға, гендерлік теңдікті дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу

I. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

1 міндет. Отбасылық құндылықтар туралы қоғамдық түсінікті арттыру

№ 1 іс-шара. «Отбасылық құндылықтар – ұрпақ тәрбиелеудің кілті» атты семинар өткізу (кемінде 100 қатысушы)

2025 жылғы 22 қазан күні Ақтөбе қаласындағы Шығармашылық академиясында 118 қатысушының қатысуымен «Отбасылық құндылықтар – ұрпақ тәрбиелеудің кілті» атты семинар өткізілді.

